Платформада әр түрлі дерекқорлардан жинақталатын цифрланған мәліметтер немесе құжаттар (мәліметтер) жетіспеген жағдайда білім беру ұйымының басшысы бұйрығымен тағайындалған жауапты тұлғасының деректерді қолмен енгізуіне жол беріледі.

Педагог жеке кабинетте автоматты түрде енгізілген және жинақталған деректердің толықтығын тексереді.

Комиссия педагогтің материалдарына (портфолиосына) өзгерістер немесе толықтырулар енгізе алмайды.

61. Комиссия мүшелері осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес педагогтің материалдарын (портфолиосын) бағалау парақтарын 12 және 13-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымы басшысының материалдарын (портфолиосын) бағалау парақтарын толтырады. Осы қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес орта (арнайы), қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары педагогтің сабағын (сабақтарын, ұйымдастырылған қызметін, іс-шарасын) бақылау парағы толтырылады.

Педагогтің материалдарын (портфолиосын) қарау кезінде аудио немесе бейнежазба жүргізіледі, ол аттестаттау жүргізетін органда кемінде бір жыл сақталады.

62. Комиссия педагогтің материалдарын (портфолиосын) қарау кезінде білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымның дерекқорында ұсынылған деректерде ПББ сертификатының сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Материалдарды (портфолионы) қалыптастыру кезінде дәйексіз мәліметтер беру фактісі анықталған жағдайда, педагог, бөлім басшысы (менгерушісі), әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасары бес жылға аттестаттаудан өтуге жіберілмейді, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы – үш жылға жіберілмейді, бұл ретте педагогтердің біліктілік санаты "педагог", "басшы", "басшының орынбасары" санаттарына дейін төмендетіледі. Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларда анықталған тәртіппен бірізділік қағидатына сәйкес біліктілік санатын беру (растау) үшін жүргізіледі.

5-параграф. Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру (растау) тәртібі

63. Қызметтің тиісті нәтижелері болған кезде кезекті аттестаттаудан кейін кемінде 2 (екі) жыл өткен соң біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге жол беріледі.

1) "педагог-сарапшы" - педагог кемінде төрт талапқа сәйкес болуы тиіс:

Тізбеге немесе облыстық деңгейдегі білім беруді басқару органы бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлердегі кәсіптік шеберлік конкурстарының жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады;

Тізбеге немесе облыстық деңгейдегі білім беруді басқару органы бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған педагогтер;

аудандық/қалалық деңгейдегі "Үздік педагог" атағына ие болған;

облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған оқу-әдістемелік кешеннің немесе бағдарламаның немесе әдістемелік материалдардың авторы болып табылады;

C1 (CEFR) деңгейінде ағылшын тілін меңгерген және пәндерді ағылшын тілінде оқытады;
бейіндік пән бойынша халықаралық дәрежедегі кандидат немесе спорт шебері болып табылады;
бейіні бойынша жоғары біліктілік разряды бар өндірістік оқыту шеберлері;
инновациялық алаңның немесе жобаның басшысы болып табылады (әдіскерлер үшін).

2) "педагог-зерттеуші" - педагог кемінде бес талапқа сәйкес болуы тиіс:

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады;

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған;

білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік кешеннің, бағдарламаның авторы болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады;

білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңесте облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

облыстық деңгейдегі "Үздік педагог" атағына ие болған;

инновациялық алаңның немесе жобаның басшысы болып табылатын (әдіскерлер үшін);

білім беру саласындағы уәкілетті орган ұсынған басылымдарда зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметі негізінде жариялау (әдіскерлер үшін);

тәжірибені облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде көрсетеді;

ғылым кандидаты/докторы немесе PhD ғылыми докторы дәрежесі және кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар.

3) "педагог-шебер" - педагог кемінде алты талапқа сәйкес болуы тиіс:

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған;

Тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпазы немесе жүлдегері болып табылады;

республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған бағдарламаның авторы болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган ұсынған басылымдарда зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметі негізінде жарияланымдары бар;

республикалық деңгейде тәжірибені таратады;

ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы дәрежесі және кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар;

Қазақстан Республикасының "Үздік педагогі" атағына ие болған.

64. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысына, басшысының орынбасарына мерзімінен бұрын біліктілік санатын беру мәлімделетін біліктілік санатына сәйкес үздіксіз 2 (екі) жыл бойы қызмет нәтижелеріне қол жеткізген жағдайда жол беріледі.

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
1-қосымша

Нысан

"Педагогтердің аттестаттаудан өтуі үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімі		
1.	Көрсетілетін қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармалары, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері, білім беру ұйымдары
2.	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	egov.kz "Электронды үкімет" порталы; "Ұстаз" педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы" ақпараттандыру нысаны
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: бір жұмыс күні
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)

5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған құжаттарды қабылдау туралы немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту хабарламасы. Көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде көрсетіледі
6.	ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда қызмет алушыдан алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері	Жеке тұлғаларға тегін
7.	Жұмыс кестесі	egov.kz "Электронды үкімет" порталы және "Ұстаз" педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы" ақпараттандыру нысаны арқылы: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8.	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) өтініш; 2) білім туралы диплом (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда); 3) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 4) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда); 5) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат; 6) берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар адамдар үшін); 7) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені жинақтауды (таратуды) растайтын құжаттар; 8) білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттар. 9) Эссе (250–300 сөз). Жеке басын куәландыратын құжаттар, білімі және еңбек қызметі туралы мәліметтер тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен электрондық үкімет шлюзі арқылы алынады. "Педагог-модератор", "педагог-сарапшы" біліктілік санаттарына аттестатталушылардың 3), 5), 6), 7), 8) тармақтарда көрсетілген құжаттары Платформада жинақталады.
9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған; 2) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің талаптарға сәйкес келмеуі; 3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық	Аттестаттау оқу жылында 1 рет өткізіледі. Аттестаттауға өтініш білім беру саласындағы

	нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар	уәкілетті органдар айқындаған мерзімдерде қабылданады. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау ағымдағы оқу жылының қаңтар-тамыз айлары аралығында өтеді. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz. көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777, болған жағдайда порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz.
--	---	--

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары
мен шарттарына
2-қосымша

Нысан

Аттестаттау комиссиясының
төрағасына

Педагогтің аттестаттау рәсіміне қатысуға өтініші

_____ ЖСН _____
(Т.А.Ә. (бар болса)
Лауазымы, жұмыс орны, электрондық пошта _____

20 _____ жылы лауазымы (мамандығы) _____
біліктілік санатты беру/растау бойынша аттестаттау рәсіміне қатысуға рұқсат
беруіңізді сұраймын.
Қазіргі уақытта менің _____ (күні) _____ (айы) _____ жылға дейін
жарамды _____ біліктілік санатым бар.
Білім беру ұйымының атауы _____

Біліктілік санатын беру (растау) тәртібімен таныстым.
" " _____ 20 _____ жыл _____ (қолы)

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары
мен шарттарына
3-қосымша

Нысан

_____ кызмет алушының Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда)

Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдау туралы хабарлама

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш қабылданды.
Осы хабарлама " " _____ 20 _____ жылы жіберілді.

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары
мен шарттарына
4-қосымша

Нысан

_____ кызмет алушының Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда)

Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш

_____ атап айтқанда /жоқ немесе сәйкес келмейтін құжаттардың атауын көрсету/:

- 1) _____;
- 2) _____;

3) _____ байланысты қабылданбады.
Осы хабарлама " ____ " _____ 20__ жылы жіберілді.

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары
мен шарттарына
5-қосымша

Біліктілік санатын беруге (растауға) арналған Комиссия отырысының хаттамасы 20__ жылғы " ____ "

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

1. _____
2. _____

Аттестаттау комиссиясының ШЕШІМІ:

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді

pp/c	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Қолдағы біліктілік санаты	Мәлімделген біліктілік санаты	Берілген біліктілік санаты	Комиссияның шешімі

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді:

pp/c	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Қолдағы біліктілік санаты	Мәлімделген біліктілік санаты	Берілген біліктілік санаты	Комиссияның шешімі

Қолданыстағы біліктілік санатына сәйкес келеді

p/c	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Қолдағы біліктілік санаты	Мәлімделген біліктілік санаты	Берілген біліктілік санаты	Комиссия шешімі

Қолданыстағы біліктілік санатынан төмен санатқа сәйкес келеді

pp/c	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Қолдағы біліктілік санаты	Мәлімделген біліктілік санаты	Берілген біліктілік санаты	Комиссия шешімі

Комиссия төрағасы

_____ (қолы)

Комиссия мүшелері

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

Хатшы: _____ (қолы)

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары
мен шарттарына
6-қосымша

Нысан

20__ жылғы " ____ " _____ (комиссияның толық атауын көрсету) аттестаттау комиссиясы отырысының № ____ хаттамасынан үзінді

Біліктілік санатын беру (растау) кезеңдерінің қорытындысы бойынша
комиссия ШЕШІМІ

_____ аттестатталушы педагогтің, әдістемелік кабинет (орталық), білім беру ұйымы басшысының (басшы орынбасарының), тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Біліктілік санаты _____ мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді.

мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді:

_____ біліктілік санатына сәйкес келеді.

Комиссия хатшысы

_____ қолы Т.А.Ә. (бар болса)

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары
мен шарттарына

Біліктілік санатын беру (растау) туралы КУӘЛІК

Осы куәлік _____
 (Т.А.Ә. (болған жағдайда))
 20__ " __ " _____ біліктілік санаттарын беру (растау) бойынша аттестаттау
 комиссиясының шешіміне сәйкес _____
 (білім беру ұйымының немесе білім басқармасы органының толық атауы)
 20__ жылғы " __ " __ № бұйрығымен _____ біліктілік санаты
 _____ лауазымы бойынша берілді (расталды).
 (лауазымның атауы)
 Осы куәлік 20__ жылғы " __ " _____ дейін жарамды.
 Білім беру ұйымының басшысы _____
 (Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы)
 Мөр орны
 Тіркеу нөмірі _____
 Берілген күні " __ " _____ 20__ жыл.

Педагогтерді аттестаттаудан
 өткізу қағидалары
 мен шарттарына
 8-қосымша

Нысан

Педагогтің білімін бағалаудан өтуге өтініш

Тегі _____
 Аты _____
 Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____
 ЖСН _____
 e-mail _____
 Туған күні _____
 Ұлты _____
 Жынысы _____
 Байланыс нөмірі _____
 Облыс _____
 Аудан _____
 Қала (ауыл) _____
 Жұмыс орны _____

Атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік бере отырып, білімі туралы дипломда немесе қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандық (біліктілік) _____

Көрсетілген мамандық бойынша жоғары және жоғары білім беру ұйымындағы оқу мерзімі (оқу жылдары) _____

Қолданыстағы біліктілік санаты _____
 Қолданыстағы біліктілік санатының қолданылу мерзімі (бастап дейін) _____
 "Қызмет бағыты бойынша оқу пәнінің мазмұны" блогы бойынша пән _____

Тест тапсыру тілі _____
 Облыс _____

Тест тапсыру орны _____
 Лек нөмірі, тестілеу күні _____

Мүгедектік (бар, жоқ)
 Көмекші (иә, жоқ)
 Дербес деректерді өңдеуге келісім
 Мен, _____,

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе мұндай құралдарды пайдаланбай дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға (фото, видео және бейнені пайдалану) мерзімін шектемей, менің дербес деректерімді кез келген заңды тәсілдермен жинауға және өңдеуге өз келісімді беремін.

Келісемін _____

ПББ жүргізу ережелерімен танысу

Мен, _____,

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

ПББ өткізу ережелерімен таныстым.

ПББ өткізу ережелерін бұзу фактілері, жол берілмейтін заттар анықталған жағдайда ПББ нәтижелерінің күші жойылатыны туралы хабардар етілді:

- ПББ өткізу кезінде ПББ аяқталғанға дейін аттестатталушы аудиториядан шығарылады;
- тапсыру мерзіміне қарамастан рәсімнің ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда.

Аттестатталушы ПББ өткізу ережелерін бұзу актісіне қол қояды.

Таныстым _____

Педагогтерді аттестаттаудан

Педагогтердің білімін бағалау балдарын бөлу

Мектепке дейінгі ұйымдардың және мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтері үшін

Біліктілік санаттары	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Педагог	Бейіні бойынша әдістемелерді білу, мектепке дейінгі педагогика және психология	50	50 %	25
Педагог - модератор		50	60 %	30
Педагог - сарапшы		50	70 %	35
Педагог - зерттеуші		50	80 %	40
Педагог - шебер		50	90 %	45

Бастауыш білім беру, негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Педагог	Пәндік білімі	50	50 %	25
Педагог - модератор		50	60 %	30
Педагог - сарапшы		50	70 %	35
Педагог - зерттеуші		50	80 %	40
Педагог - шебер		50	90 %	45

Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Педагог	Педагогика және психология негіздері	50	50 %	25
Педагог - модератор		50	60 %	30
Педагог - сарапшы		50	70 %	35
Педагог - зерттеуші		50	80 %	40
Педагог - шебер		50	90 %	45

Арнайы ұйымдардың, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері, педагог-ассистенттер, әлеуметтік педагогтер, тәлімгерлер, кәсіптік бағдар берушілер үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Педагог	Педагогика және психология негіздері	50	50 %	25
Педагог - модератор		50	60 %	30
Педагог - сарапшы		50	70 %	35
Педагог - зерттеуші		50	80 %	40
Педагог - шебер		50	90 %	45

Арнайы білім беру ұйымдарының және білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Педагог	Бейін бойынша пәндік білім: 1) "Сурдопедагогика" (есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 2) "Тифлопедагогика" (көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 3) "Дефектология (олигофренопедагогика)" (зияты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балалармен, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара	50	50 %	25
Педагог - модератор		50	60 %	30
Педагог - сарапшы		50	70 %	35
Педагог - зерттеуші		50	80 %	40
Педагог - шебер		50	90 %	45

	әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін). 4) "Логопедия" (сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);			
--	---	--	--	--

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (оқу-өндірістік комбинаттар) педагогтері үшін (жалпы білім беретін пәндер, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері):

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік (балдар)
Педагог	Пәндік білімі	50	50 %	25
Педагог - модератор		50	60 %	30
Педагог - сарапшы		50	70 %	35
Педагог - зерттеуші		50	80 %	40
Педагог - шебер		50	90 %	45

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өзге де лауазымдарының педагогтері үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік (балдар)
Педагог	Педагогика және психология негіздері	50	50 %	25
Педагог - модератор		50	60 %	30
Педагог - сарапшы		50	70 %	35
Педагог - зерттеуші		50	80 %	40
Педагог - шебер		50	90 %	45

Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, бөлім (бөлімше, сектор, бөлім) басшылары (меңгерушілері) үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Педагог	Оқыту әдістемесі, ҚР заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді білу	Оқыту әдістемесі	50 %	25
Педагог - модератор			60 %	30
Педагог - сарапшы		"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	70 %	35
Педагог - зерттеуші		"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	80 %	40
Педагог - шебер		"Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	90 %	45

Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін

Санаттар	Блок		Пән бойынша балдар		Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Біліктілік санатын беру	ҚР заңнама-сын және норматив-тік құқықтық актілерді білу	Қазақстан Республикасы-ның Еңбек кодексі	10	60	70 %	42
		Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодекс	10			
		"Білім туралы" Қазақстан	10			

		Республикасының Заңы				
		"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	5			
		"Қазақстан Республикасындағ ы Бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	10			
		"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" 5 Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту Министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).				
		"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	10			

Қосымша білім беру ұйымдарының бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балдар)
Біліктілік санатын беру	ҚР заңнама-сын және норматив-тік құқықтық актілерді білу	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі	12	60
		Неке (ерлі- зайыптылық) және отбасы туралы Кодекс	10	
		"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	12	
		"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	6	
		"Қазақстан Республикасындағ ы Бала құқықтары	10	
			70 %	42

		туралы" Қазақстан Республикасының Заңы			
		"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	10		

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары
мен шарттарына
10-қосымша

Нысан

Педагогтердің білімін бағалауды өткізу ережелері мен шарттарын бұзу актісі

_____ 20__ жылғы "___" _____ сағат _____ минут.
_____ бұл туралы акт жасалды.

Педагог _____
(Т.А.Ә. (бар болса)
ЖСН _____
Жұмыс орны _____,
Аудитория №____, орын №____, ПББ кезінде аудиториядағы тәртіп ережелерін
бұзды: _____.
бұзушылық фактісінің сипаттамасы
Осы факт негізінде материал алынды /педагог аудиториядан шығарылды /
ПББ нәтижелері жойылды.
Аудитория бойынша кезекші _____
(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)
ПББ жүргізуге жауапты _____
(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)
Бақылаушы _____
(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)
Актімен таныстым _____
(Т.А.Ә. (бар болса) педагог қолы)
Күні: _____
Мөр орны

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары
мен шарттарына
11-қосымша

Нысан

Педагогтердің білімін бағалаудан өткені туралы сертификат

_____ педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)
"___" _____ 20__ жыл, _____ біліктілік санатына
_____ қаласындағы ПББ қатысты.
ПББ нәтижесі

№	Модульдің атауы	Тест саны	тапсырмаларының	Максималды балл саны	Жинаған балл саны
Барлығы					

Ескертпе: Апелляцияға берген педагогтердің жеке кабинетіне апелляцияны ескере отырып, ПББ өткені туралы анықтама жіберіледі. Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына өтініш берген кезде апелляция нәтижесімен берілген сертификат ескеріледі.

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары
мен шарттарына

Педагогтердің материалдарын (портфолионы) бағалау парағы

№	Критерийлер	Біліктілік санаты				Комиссия балдары
		Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	
1.	Білім беру сапасын қамтамасыз ету					
1.1.	Білім сапасы (динамика)/ Білім беру бағдарламасын меңгеру динамикасы (3 жыл ішінде) Ескерту: (тәлімгерлерді, бастапқы әскери және технологиялық даярлықты (АӘД) ұйымдастырушы педагогтерді, ассистент-педагогтерді, педагог психологтарды, психологтарды, әлеуметтік педагогтерді, педагог-кәсіби бағдар берушілерді қоспағанда)	дәлелдемелердің болуы: нәтижелерді талдау бойынша қорытындылары бар сапа мониторингі, салыстырмалы кестелер/диагностикалық құралдарға сәйкес (білім беру ұйымының мөрімен (платформада аттестатталатын педагогтің құжаттарын қоспағанда) және басшының қолымен расталады)				
		тұрақсыз динамика 3 жыл бойы	3 жыл ішінде бір деңгей де	1–2%-ға өсу	3 және одан да көп өсу %	
	Түзету компонентін іске асыру қорытындылары бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларда дағдылардың қалыптасу динамикасы (ПМПК қоспағанда)	40 %	50 %	60 %	70 %	
	балл	1	2	3	4	
1.2.	Оқыту сапасы (ұйымдастыру, өткізу)	сабақты бақылау парақтарының болуы (сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және кеңес беру іс-әрекеті) (білім беру ұйымы басшысы, басшы орынбасары, әдіскер, білім беру ұйымының педагогі, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері; тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының мүшесінен - біреуден кем емес); (платформада аттестатталатын педагогтің құжаттарын қоспағанда) бақылау парағы білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)				
	Бақылаулар саны (жыл сайын)	5	5	5	5	
	Балл	61 (70)	71 (80)	81 (90)	91 (102)	
2.	Жетістіктер	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың көшірмелері (платформада аттестатталатын педагогтің құжаттарын қоспағанда, мөрмен куәландырылады)				
2.1.	Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) Тізбеге немесе облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) білім басқармасы	Білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)	

	бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның тізбесіне сәйкес конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысуы. Ескерту1: тәлімгерлер, АӨТД ұйымдастырушы педагогтері - ұйымдастырушы педагогтер, ассистент-педагогтер, педагог-психологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтер, педагог-кәсіби бағдар берушілер, түзету мекемелеріндегі білім беру ұйымдары педагогтері үшін - бар болса Ескерту 2: егер жеңімпаз/ жүлдегер болса санына қарамастан 1 ұпай қосылады					
	балл	1	2	3	4 (5)	
2.2.	Тізбеге немесе облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) білім басқармасы бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның тізбесіне сәйкес кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысу Ескерту: егер жеңімпаз/ жүлдегер болса,	білім беру ұйымы	беру аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)	

	санына қарамастан 1 ұпай қосылады					
	балл	1	2	3	4 (5)	
3.	Тәжірибені жинақтау және тарату					
3.1.	Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар немесе бағдарламалар Ескерту: Егер педагог білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе уәкілетті орган жанындағы РОӘК ұсынған оқу-әдістемелік кешендер және оқу-әдістемелік құралдар тізіміне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болса, оған 4 балл қойылады.	дәлелдемелердің болуы: оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді, материалдарға сілтеме Дидактикалық материалдар Оқуәдістемелік (тапсырмалар жинағы, сабақтарды құралдар, әзірлеу (сабақтар, іс-шаралар) жұмыс әдістемелік дәптерлері, тренажерлер) немесе оқу, ұсынымдар немесе авторлық бағдарламалар ББ жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе білім беру саласын да уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ТЖКОБКББ білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/РҚББОӨО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК				
	балл	1	2	3	4	
3.2.	Зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметі немесе оқу-әдістемелік материалдар негізінді семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарында, біліктілікті арттыру курстарында сөз сөйлеу және т.б.	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) немесе бағдарлама (бағдарламаның көшірмесі) және ісшара материалдары сілтемесі. Бағдарлама тиісті деңгейде білім беру ұйымымен, ауданның/қаланың, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) білім беруді басқару органдарымен, білім беру саласындағы уәкілетті органмен ("Өрлеу БАҰО" АҚ), РҚББОӨО, Балаларды ерте дамыту институты, "Talar", АИББД ҰҒПО келісілген.				
	балл	1	2	3	4 (5)	
3.3.	Зерттеу қызметі (тәжірибені зерттеу) негізінде баспасөздегі жарияланым (3 автордан көп емес) Ескерту: РБССҚЕК немесе Scopus және WOS базаларына ұсынған басылымдарда жарияланым болған жағдайда 7 ұпай қосылады	дәлелдемелердің болуы: басылымның көшірмесі (басылымға сілтеме) Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, РҚББОӨО, Балаларды ерте дамыту институты, АИББД ҰҒПО немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган ұсынған басылымдарында ұсынылған				

	балл	-	-	5	
3.4.	Шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтарға, жобаларға немесе конкурстық комиссияларға немесе қазылар алқасына, судьялыққа қатысу	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), хаттар (хаттардың көшірмелері) (платформада аттестатталатын педагогтің құжаттарын қоспағанда) білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады			
	білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)	
	балл	1	2	3	4 (5)
3.5.	Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар/бағдарламалар негізінде тәжірибені тарату	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), анықтама, бағдарлама (бағдарламаның көшірмесі) (платформада аттестатталатын педагогтердің материалдарын қоспағанда) білім беру ұйымының мөрімен куәландырылады (іс-шаралардың материалдарына сілтеме)			
	ББ жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ТжКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағыРОӘК/РҚББОӨО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК			облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) (кемінде 3 ауданды (қалаларды) қамту)	
	Білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК(Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ТжКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/РҚББОӨО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК				Республикалық (қамту 3 облыстан кем емес)
	балл			6 (1-ге 2 б.)	9 (1-ге 3 бал)
4.	Біліктілікті арттыру				
4.1.	Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың көшірмесі (платформада аттестатталатын педагогтің құжаттарын қоспағанда) білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады; алынған білімді практикалық қызметке енгізуді растайтын құжат.			
	72	72	80	108 және одан жоғары	

бойынша қызмет бейіні (саласы) бойынша біліктілікті арттыру курстары (біреуден кем емес) (жалпы сағат саны)					
Мектепке дейінгі, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары үшін, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскерлері үшін (жалпы сағат саны)	36	36	72	80 және одан жоғары	
балл	1	1	3	4	
барлығы	68	84	113	133 (137)	

5. Қосымша

Сынып жетекшілер/кураторлық (ТЖКОБКББ) (бар болса)	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрық көшірмесі), тәрбие жұмысының талдауы – болған жағдайда				
Жұмыс өтілі					
1-2	1				
3-4	2				
5 және одан да көп	3				
Тәлімгерлер. ұйымдастырушы педагогтер, АӨТД - ұйымдастырушы педагогтер, педагог-психологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтер, педагог-кәсіби бағдар берушілер, түзету мекемелеріндегі білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтер - бар болса	66	80	107	125 (129)	
ПМПК педагогтері, педагог – ассистенттер үшін	66	80	107	125 (129)	

Ұсыныстар:

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (сәйкес келмейді)

Біліктілік санатына сәйкес келеді _____

" ____ " _____ 20 ____ жыл.

Комиссия мүшесінің Т.А.Ә (болған жағдайда) қолы

Бөлім (бөлімше, сектор, бөлім) меңгерушісінің (басшысының), білім беру ұйымы әдіскерінің, әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерінің материалдарын (портфолиосын) бағалау парағы

№	Критерийлер	Біліктілік санаты				Комиссияның балдары
		Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	
1.	Әдістемелік қолдаудың тиімділігі					
1.1.	Сабақты (оқуды, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны) бақылау бойынша сындарлы кері байланыс беру Ескертпе: "Дарын" орталықтарының әдіскерлерін қоспағанда	сабақты (оқуды, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны) бақылау парақтарының болуы (сабақты (оқуды, қызметті, іс – шараны, тексеру және кеңес беру іс-әрекеті) бақылау бойынша кері байланыс), (бақылау парағы білім беру ұйымының мөрімен (платформада аттестатталатын педагогтердің материалдарын қоспағанда) және басшының қолымен куәландырылады)				
	Бақылау парақтарының саны (жыл сайын)	4	5	6	7	
	Балл	3	3	6	9	
	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың көшірмелері (көшірмелері білім беру ұйымының мөрімен (платформада аттестатталатын педагогтердің материалдарын қоспағанда) және басшының қолымен куәландырылады)					
2.	Жетістіктер					
2.1.	Зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметіне қатысу	білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық	
	балл	1	2	3	4	
2.2.	Тізбеге немесе облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) білім басқармасы бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның тізбесіне сәйкес кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға қатысу. Ескерту 1: егер жеңімпаз/жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады Ескерту 2: әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін қоспағанда	білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)	
		балл	1	2	3	4 (5)
3.	Тәжірибені қорытындылау/жалпылау және тарату					
3.1.	Ұсынылған оқу-әдістемелік	дәлелдемелердің болуы: оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді, материалдарға сілтеме				

	материалдар немесе бағдарламалар Ескерту: Егер педагог білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе уәкілетті орган жанындағы РОӘК ұсынған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер және оқу-әдістемелік құралдар тізіміне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болса, оған 4 балл қойылады.	Дидактикалық материалдар (тапсырмалар жинағы, сабақтарды әзірлеу (сабақтар, іс-шаралар) жұмыс дәптерлері, тренажерлер) немесе оқу, әдістемелік құралдар немесе әдістемелік ұсынымдар	Оқуәдістемелік құралдар, әдістемелік ұсынымдар немесе авторлық бағлардамалар	Авторлық бағдарлама лар		
		білім беру ұйымының әдістемелік кеңесі	аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесі	ББ жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ТжКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/РҚББОӘО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК	Білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсари н атвндағы Ұлттық білім академияс ы)/ТжКОБКБ Б ұйымдары үшін білім беру саласындағ ы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/РҚББОӘО жанындағы РОӘК/АИБ БД ҰҒПО жанындағы РОӘК	
	балл	1	2	3	4	
3.2.	Зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметі/ оқу-әдістемелік материалдар негізінде семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарда, біліктілікті арттыру курстарында сөз сөйлеу	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) немесе бағдарлама (бағдарламаның көшірмесі) және ісшара материалдары сілтемесі. Бағдарлама тиісті деңгейде білім беру ұйымымен, ауданның/қаланың, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) білім беруді басқару органдарымен, білім беру саласындағы уәкілетті органмен ("Өрлеу "БАҰО" АҚ), РҚББОӘО, Балаларды ерте дамыту институты, "Talap", АИББД ҰҒПО келісілген.				
		білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республика лық (халықарал ық)	
	балл	1	2	3	4 (5)	
3.3.	Зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметі негізінде баспасөздегі жарияланым (3 автордан артық емес) Ескерту: ҒБССҚК немесе Scopus және WOS ұсынған басылымда жарияланым болған жағдайда 7	дәлелдемелердің болуы: басылымның көшірмесі (басылымға сілтеме)				
				Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, РҚББОӘО, Балаларды ерте дамыту институты, ҚР ОМ РҚББОӘО, АИББД ҰҒПО басылымдарында немесе ҚР ОМ ұсынылған		

	ұпай қосылады				
	балл	-	-	5	
3.4.	Жұмыс/ шығармашылық топтарға немесе сараптамалық кеңестерге немесе конкурстық комиссияларға, қазылар алқасы, төрешілікке қатысу	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), хат (хаттан үзінді) білім беру ұйымының, (платформада аттестатталатын педагогтің құжаттарын қоспағанда) мөрімен және басшының қолымен куәландырылады) іс-шаралар материалдарына сілтеме			
		білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)
	балл	1	2	3	4 (5)
3.5.	Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар мен бағдарламалар негізінде тәжірибені тарату	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), анықтама, бағдарлама (бағдарламаның көшірмесі) білім беру ұйымының (платформада аттестатталатын педагогтердің материалдарын қоспағанда) мөрімен және басшының қолымен куәландырылады) іс-шара материалдарына сілтеме			
	ББ жанындағы оқу-әдістемелік кеңесі немесе білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ ТжКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/РҚББОӨО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК				Республикалық (кемінде 3 облысты қамту)
	Білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК(Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ ТжКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/РҚББОӨО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК			облыс (республикалық маңызы бар қала және Астана) (кемінде 3 ауданды (қалаларды) қамту)	
		-	-	6 (1-ге 2 б.)	9 (1-ге 3 б.)
4.	Біліктілікті арттыру				
	Білім беру саласындағы уәкілетті органмен	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың көшірмесі (білім беру ұйымының мөрімен (платформада аттестатталатын педагогтердің құжаттарын қоспағанда) және басшының қолымен куәландырылады); алынған білімді практикалық қызметке енгізуді растайтын			

	келісілген білім беру бағдарламалары бойынша қызметтік бейіні (саласы) бойынша (біреуден кем емес) біліктілікті арттыру курстары (Жалпы сағат саны)	72	72	80	108 және одан көп	
	Ескерту: мектепке дейінгі, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары үшін, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскерлері үшін (жалпы сағат саны)	36	36	72	80	
	балл	2	2	3	4	
	Барлығы	10	15	35	47 (50)	
	Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін	9	13	32	43 (46)	
	"Дарын" орталығының әдіскерлері үшін	7	12	29	38 (41)	
Ұсыныстар: Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (сәйкес келмейді) Біліктілік санатына сәйкес келеді						

" ____ " _____ 20 ____ жыл.

Комиссия мүшесінің Т.А.Ә (болған жағдайда) қолы

Ескертпе:

Біліктілік санатын беруге (растауға) аттестаттау кезінде педагог материалдары мәлімделген біліктілік санатына қойылатын талаптарға сәйкес тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді көрсетуі тиіс.

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес барлық критерийлерді орындау міндетті болып табылады (яғни, шешім қабылдау үшін балдар біліктілік санаттары бөлінісінде шекті мәнді ескере отырып, бағалаудың барлық критерийлері бойынша қойылуы тиіс, бір немесе бірнеше бағалау критерийлері бойынша мәлімделген біліктілік санатының материалдары (портфолиосы) сәйкес келмеген жағдайда, олар бойынша 0 қойылады).

1. "Білім беру сапасын қамтамасыз етудің тиімділігі" критерийі бойынша балл қою кезінде мыналарды ескеру қажет:

- білім сапасының динамикасы, 3 жылдағы білім беру бағдарламасын игеру;

- білім беру ұйымы басшысының (орынбасарының, әдіскерінің), педагогінің; әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерінің аттестаттау комиссиясы мүшесінің сабақты (сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және кеңес беру рәсімін) бағалау парақтарының болуы (біреуден кем емес): (байқау парағы (аттестаттауды платформада өтетін педагогтердің бақылау парақтарын қоспағанда) білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен расталады);

- жыл сайын 5 бақылау жүргізіледі, яғни 5 түрлі сабақ (оқу, ұйымдастырылған қызмет, іс-шара, тексеру рәсімдері және консультациялар) әр түрлі күндері өткізіледі. Әр бақылауды 2 немесе одан да көп бақылаушы жүргізуі мүмкін, бақылаушылардың балдары қосылып, "Оқыту (өткізу, ұйымдастыру) сапасы" көрсеткіші бойынша арифметикалық орташа мән шығарылады.

2. "Жетістіктер" критерийі бойынша балл қою кезінде мыналарды ескеру қажет:

- конкурстық іс-шаралар білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган келіскен тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) білім басқармасы бекіткен тізбеге/ білім беру саласындағы конкурстық іс-шараларға кіреді. Бұл ретте білім алушының (тәрбиеленушінің) немесе педагогтің қызмет бейіні (саласы) бойынша кемінде бір конкурстық іс-шараға қатысуы туралы дәлелдемелер ұсынылады;

- әр көрсеткіште жеңімпаз сертификаты болған жағдайда 1 балл қосылады (бірақ жеңімпаздар саны бойынша емес: мысалы, республикалық деңгейде 2 жеңімпаз болған жағдайда бұл деңгейде тек 1 балл қосылады).

- ұсыну деңгейіне сәйкес бір жалпы балл қойылады (әр түрлі жұмыс түрлері үшін балл қосылмайды).

3. "Тәжірибені жалпылау және тарату" критерийі бойынша балл қою кезінде мыналарды ескеру қажет:

- "Зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметі негізінде сөз сөйлеу" көрсеткішінде дәлелдер болған жағдайда балл қойылады: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) немесе бағдарлама (бағдарламаның

көшірмесі) және іс-шара материалдарына сілтеме. Бағдарлама тиісті деңгейде білім беру ұйымымен, ауданның/қаланың, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың) білім беруді басқару органдарымен, білім беру саласындағы уәкілетті органмен ("Өрлеу" БАҰО АҚ), РҚББОӘО, Балаларды ерте дамыту институты, "Talar", АИББД ҰҒПО, РСИО ҰҒПО келісілген;

- тәжірибені тарату бойынша іс-шаралар бекітілген оқу-әдістемелік материалдар немесе бағдарламалар негізінде жүргізіледі:

"педагог-зерттеуші" - білім беру саласындағы уәкілетті органның жанындағы ББ немесе білім беру саласындағы уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ ТжКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/ РҚББОӘО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК;

"педагог-шебер" - білім беру саласындағы уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ ТжКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/ РҚББОӘО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК;

- "Оқу-әдістемелік материалдар" көрсеткіші бойынша "педагог-зерттеушілер" (3 автордан аспайтын) бірлесіп жазған жағдайда 2 балл қойылады; егер аттестаттау кезеңінде педагог білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК ұсынған әдістемелік құралдар оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік кешендердің тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болса, 4 балл қойылады.

- қосымша білім беру педагогтері үшін "Оқу-әдістемелік материалдар" көрсеткіші бойынша мемлекеттік басқару органының функцияларын орындайтын органдар бекіткен қосымша білім берудің авторлық білім беру бағдарламалары берілген жағдайда балл қойылады:

"педагог-сарапшы" - аудан / қала;

"педагог-зерттеуші" - қалалар/облыстар;

"педагог-шебер" - облыстар / РҚББОӘО жанындағы РОӘК;

- "Зерттеу қызметіне (тәжірибе бойынша зерттеулер) негізделген жарияланымдар" көрсеткіші бойынша "педагог-модератор" немесе "педагог-сарапшы" біліктілік санатына аттестатталатын педагогтерге жарияланым болған жағдайда балл қойылады, бұл ретте, егер ҒЖБССҚК ұсынған немесе Scopus және WoS базаларына кіретін басылымда жарияланым болса, 7 балл қойылады;

- ұсыну деңгейіне сәйкес бір жалпы балл қойылады (Әр түрлі жұмыс түрлері үшін балл қосылмайды).

- "Біліктілікті арттыру" көрсеткіші бойынша балл қызмет бағыты (саласы) бойынша біліктілікті арттыру курстарының сағат санына сәйкес қойылады. Егер педагог әртүрлі бағдарламалар бойынша екі немесе одан да көп курстарға қатысса, сағат саны қосылады.

Сертификат келесі жағдайларда тек бір рет есепке алынады:

-педагог бір уақытта басшы (басшының орынбасары) және педагог (әдіскер) ретінде аттестациядан өтсе;

-бір бағдарлама бойынша екі немесе одан да көп рет оқудан өтсе.

Марапаттар, грамоталар, алғыс хаттар және басқа да марапаттау немесе құттықтау нысандары үшін қосымша ұпайлар қойылмайды.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ББ – облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың) білім басқармасы; ТжКОБКББ – Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары;

"Talar" - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі жанындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

Балаларды ерте дамыту институты – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің республикалық мемлекеттік мекемесі

АИББД ҰҒПО - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі "Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

ПМПК – "Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

"Өрлеу" БАҰО" АҚ - "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамы;

РОӘК – Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі;

РҚББОӘО - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі "Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

ҒБССҚК – "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

Scopus – рецензияланған әдебиеттердің дерексіз және рефераттық дерекқоры (the abstract and Citation database of Peer-Reviewed Literature)

WOS – ғылыми жарияланымдардың дәйексөздігін талдауға арналған ғылыми метрикалық платформа (Web of Science Core Collection).

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары
мен шарттарына
13-қосымша

Білім беру ұйымы басшысының материалдары (портфолиосы) бойынша бағалау парағы

№	Критерийлер	Біліктілік санаты			Комиссия балы
		Үшінші санатты басшы	Екінші санатты басшы	Бірінші санатты басшы	

1.	Сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету			
1.1.	Білім беру ұйымының ашықтығы	сайттың (сілтеме), әлеуметтік желілердегі парақтардың (сілтеме) болуы		
	балл	2	2	2
1.2.	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың контингентіне сәйкес арнайы жағдайлардың болуы (бұдан әрі – ЕББҚ)	-кедергісіз ортаның болуы; -ПМПК қорытындысы және/немесе психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің ұсынымдары негізінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес арнайы жағдайлардың болуы		
	балл	3	3	3
1.3.	Ыңғайлы жағдайлар мен қауіпсіз ортаны құру	- бейнебақылаумен қамтамасыз ету және "Терроризмге осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысының талаптарына сәйкестігі		
	балл	4	4	4
1.4.	Білім беру ұйымының ғимаратына кіруді бақылауды ұйымдастыру	- басқару жүйесі және кіруге қолжетімділікті бақылау болуы - ескерту жүйесінің болуы ("дабыл түймесі") - күзет қызметі субъектілерінің болуы: күзетшілер, вахтерлер (ауылдық жерлер үшін)		
	балл	3	3	3
1.5.	Материалдық-техникалық базаны жақсарту (заманауи жабдықтарды, цифрлық зертханаларды, интерактивті жабдықтарды, оқу кабинеттерін және т.б. сатып алу). Ескерту: МТБ бюджеттен тыс қаражат есебінен қосымша жетілдірілсе, 1 балл қосылады	жақсарту		
	балл	2	2	2
1.6.	Білім беру ұйымдарымен, әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық	Келісімшарттар жасау, іс-шаралар өткізу		
	балл	аудандық деңгейде	облыстық (республикалық маңызы бар қала)	Республикалық (халықаралық) деңгейде
	балл	2	2	2
